

Қостанай ауданының 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 336 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 8230 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай ауданының 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 10577734,6 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша - 3243640,0 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша - 36526,0 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 1122518,7 мың теңге;
 - трансферттер түсімі бойынша - 6175049,9 мың теңге;
- 2) шығындар - 10139564,2 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу - 65366,0 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер - 109176,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 43810,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 372804,4 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - - 372804,4 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 03.12.2019 № 453 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін субвенциялардың көлемі 1842341,0 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

3. Кент, ауылдық округтердің бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері белгіленсін:

1) 2019 жылға арналған кент, ауылдық округтердің бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар 219784,0 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Затобол кенті - 58138,0 мың теңге;
Озерный ауылдық округі - 9239,0 мың теңге;
Владимиров ауылдық округі - 9747,0 мың теңге;
Айсары ауылдық округі - 9973,0 мың теңге;
Жамбыл ауылдық округі - 7216,0 мың теңге;
Заречный ауылдық округі - 50222,0 мың теңге;
Майкөл ауылдық округі - 14411,0 мың теңге;
Мәскеу ауылдық округі - 11135,0 мың теңге;
Мичурин ауылдық округі - 1000,0 мың теңге;
Октябрь ауылдық округі - 38857,0 мың теңге;
Садчиков ауылдық округі - 9846,0 мың теңге;

2) 2020 жылға арналған кент, ауылдық округтердің бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар 392445,0 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Затобол кенті - 150862,0 мың теңге;
Озерный ауылдық округі - 18348,0 мың теңге;
Владимиров ауылдық округі - 16601,0 мың теңге;
Айсары ауылдық округі - 11919,0 мың теңге;
Жамбыл ауылдық округі - 12482,0 мың теңге;
Заречный ауылдық округі - 79255,0 мың теңге;
Майкөл ауылдық округі - 17277,0 мың теңге;
Мәскеу ауылдық округі - 14233,0 мың теңге;
Мичурин ауылдық округі - 5411,0 мың теңге;
Октябрь ауылдық округі - 50376,0 мың теңге;
Садчиков ауылдық округі - 15681,0 мың теңге;

3) 2021 жылға арналған кент, ауылдық округтердің бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар 392059,0 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Затобол кенті - 150118,0 мың теңге;
Озерный ауылдық округі - 18558,0 мың теңге;
Владимиров ауылдық округі - 17071,0 мың теңге;
Айсары ауылдық округі - 11673,0 мың теңге;
Жамбыл ауылдық округі - 12500,0 мың теңге;
Заречный ауылдық округі - 79255,0 мың теңге;
Майкөл ауылдық округі - 17131,0 мың теңге;
Мәскеу ауылдық округі - 14247,0 мың теңге;
Мичурин ауылдық округі - 4825,0 мың теңге;
Октябрь ауылдық округі - 51035,0 мың теңге;
Садчиков ауылдық округі - 15646,0 мың теңге.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2019 № 453 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3-1. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте төменгі тұрған бюджеттерге азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 62776,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге 16200,0 мың теңге сомасында.

Ескерту. Шешім 3-1 тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.09.2019 № 429 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-2. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте төменгі тұрған бюджеттерге 3310,1 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 3-2 тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

4. 2019 жылы аудан бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көзделмегені ескерілсін.

5. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға 109176,0 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 03.12.2019 № 453 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

1) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға 596966,0 мың теңге сомасында;

2) алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

3) алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

4) алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

5) алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

6) алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

7) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға 23166,0 мың теңге сомасында, оның ішінде мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға 14989,0 мың теңге сомасында, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың тізбесін кеңейтуге 7966,0 мың теңге сомасында, ымдау тілі маманының қызмет көрсетуіне 211,0 мың теңге сомасында;

8) еңбек нарығын дамытуға 58433,5 мың теңге сомасында, оның ішінде жалақыны ішінара субсидиялауға және жастар тәжірибесіне 30138,0 мың теңге сомасында, адамдарға, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге ерікті түрде қоныс аударатын азаматтарға және қоныс аударуға көмек көрсететін жұмыс берушілерге мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге 8853,0 мың теңге сомасында, жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беруге 19442,5 мың теңге сомасында;

9) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге 7980,0 мың теңге сомасында;

10) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 790354,0 мың теңге сомасында;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге 45468,0 мың теңге сомасында;

11) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға 353326,0 мың теңге сомасында;

12) төменгі ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығасыларды өтеуге 45000,0 мың теңге сомасында;

13) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 212584,0 мың теңге сомасында;

14) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алуға 67200,0 мың теңге сомасында;

15) алынып тасталды – Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.09.2019 № 429 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

16) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан еңбек нарығын дамытуға 83823,0 мың теңге сомасында, оның ішінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беруге 25250,0 мың теңге сомасында, қысқа мерзімді кәсіби оқытумен қосымша қамтуды қамтамасыз етуге 58573,0 мың теңге сомасында;

17) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 111500,0 мың теңге сомасында.

Ескерту. 6 – тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.09.2019 № 429 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2019 № 453 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7. 2019 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін:

1) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде қоныс аударушылар және оралмандар үшін тұрғын үйді жалдау (жалға беру) бойынша шығыстарды өтеуге 1995,0 мың теңге сомасында;

2) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде мобильді орталықтардағы оқуды қоса алғанда, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 57688,0 мың теңге сомасында;

3) сандық білім беру инфрақұрылымын құруға 46477,0 мың теңге сомасында;

4) балаларды жеткізу үшін автобустар сатып алуға 29097,0 мың теңге сомасында;

5) алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

6) "Болашақ" балалар лагерін қамтамасыз етуге 69432,0 мың теңге сомасында;

7) инсинераторларды пайдалана отырып, биологиялық қалдықтарды жоюға 4674,0 мың теңге сомасында;

8) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін орташа жөндеуге 678622,3 мың теңге сомасында;

9) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға 166351,2 мың теңге сомасында;

10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз етуге 577,7 мың теңге сомасында;

11) "Үкіметтік және ресми делегациялардың қорғалатын тұлғалары үшін қонақжай кешені" объектісін ағымдағы қамтамасыз етуге 55747,3 мың теңге сомасында;

12) "Рухани жаңғыру" бағдарламасының "Алтын адам" кіші жобасын іске асыру аясында өңірлік материалдар негізінде 5-7 сыныптарға арналған өлкетану бойынша оқу құралын шығаруға және оларды мектептерге енгізуге 1781,6 мың теңге сомасында;

ауданның, қаланың білім беру мемлекеттік мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алуға және жеткізуге 104923,0 мың теңге сомасында;

13) Қостанай ауданының "Ұлттық спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қамтамасыз етуге 35149,7 мың теңге сомасында;

14) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жұмыспен қамтудың жеке агенттіктеріне халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингіне 795,0 мың теңге сомасында;

15) ірі қара малдың нодулярлық дерматитіне эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге 6498,0 мың теңге сомасында;

жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге 7809,0 мың теңге сомасында;

16) алынып тасталды – Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.09.2019 № 429 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

17) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек бойынша төлемдерді ортақ қаржыландыруға 21122,0 мың теңге сомасында;

18) Жеңіс күніне орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік көмек төлемін ұлғайтуға 600,0 мың теңге сомасында;

19) Қостанай ауданы әкімдігінің білім бөлімі "Надеждин орта мектебі" мемлекеттік мекемесін күрделі жөндеуге 200000,0 мың теңге сомасында;

20) Қостанай ауданының "Ұлттық спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін IVECO маркалы шағын автобус сатып алуға 21616,0 мың теңге сомасында;

21) білім беру бөлімдерінің рейтингтік бағалау нәтижелері бойынша ынталандыруға 1500,0 мың теңге сомасында;

22) Қостанай ауданы Заречное ауылының "Северный" шағын ауданындағы тұрғын үйлерді жылыту үшін берешекті өтеуге 4073,1 мың теңге сомасында;

23) Қостанай ауданы Заречное ауылының "Северный" шағын ауданындағы тұрғын үйлердің жылу энергиясына ақы төлеуге 5776,9 мың теңге сомасында;

24) оқушылар санының ұлғаюына байланысты мұғалімдер еңбегіне ақы төлеу қорын ұлғайтуға 44034,0 мың теңге сомасында;

25) мүмкіндіктері шектеулі балалармен үйде жұмыс істеу үшін төлемдерді өтеуге 3060,0 мың теңге сомасында;

26) білім беру объектілерінің коммуналдық қызметтеріне ақы төлеуге 57000,0 мың теңге сомасында;

27) бюджеттің кіріс бөлігінің күтілуін орындамауға байланысты аудандар кірістерінің шығындарын өтеуге 111000,0 мың теңге сомасында.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.09.2019 № 429 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2019 № 453 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен дамытуға нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін:

1) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға 767061,5 мың теңге сомасында, оның ішінде аудан бюджеттерін кредиттеу есебінен тұрғын үйді жобалауға және (немесе) салуға 722061,5 мың теңге сомасында;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға 47347,0 мың теңге сомасында;

3) ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға 107161,0 мың теңге сомасында.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.09.2019 № 429 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2019 № 453 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ауданның жергілікті атқарушы органдарының бюджеттеріне берілген 1379690,0 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттерді өтеу көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 03.12.2019 № 453 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджетке 267969,0 мың теңге сомасында трансферттерді қайтару көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға ауыстыру 165356,0 мың теңге сомасында;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жұмыс берушілердің аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайту 102613,0 мың теңге сомасында.

10-1. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді мынадай көлемдерде қайтару көзделгені ескерілсін:

республикалық бюджетке 275,6 мың теңге сомасында;

аудандық және қалалық бюджеттерден облыстық бюджетке 231,2 мың теңге сомасында.

Ескерту. Шешім 10-1 тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 402 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Алынып тасталды – Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 03.12.2019 № 453 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. 2019 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. 2019 жылға арналған ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бойынша бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 03.12.2019 № 453 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

14. 2019 жылға арналған Қостанай ауданының ауылдары, ауылдық округтері арасында жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттерді бөлу б-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 03.12.2019 № 453 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

15. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихаттың
2018 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 336 шешіміне 1-қосымша

2019 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 03.12.2019 № 453 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты					сомасы, мың теңге
Сыныбы		Кіші сыныбы			
		Ерекшелігі			
		Атауы			
				I. Кірістер	10577734,6
1	00	0	00	Салықтық түсімдер	3243640,0
1	01	0	00	Табыс салығы	1094286,0
1	01	2	00	Жеке табыс салығы	1094286,0
1	03	0	00	Әлеуметтік салық	970500,0
1	03	1	00	Әлеуметтік салық	970500,0
1	04	0	00	Меншікке салынатын салықтар	1067329,0
1	04	1	00	Мүлікке салынатын салықтар	984630,0
1	04	3	00	Жер салығы	7981,0
1	04	4	00	Көлік құралдарына салынатын салық	59718,0
1	04	5	00	Бірыңғай жер салығы	15000,0
1	05	0	00	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге	97025,0

				салынатын ішкі салықтар	
1	05	2	00	Акциздер	9503,0
1	05	3	00	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	54000,0
1	05	4	00	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	33500,0
1	05	5	00	Ойын бизнесіне салық	22,0
1	08	0	00	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	14500,0
1	08	1	00	Мемлекеттік баж	14500,0
2	00	0	00	Салықтық емес түсімдер	36526,0
2	01	0	00	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	673,0
2	01	5	00	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	673,0
2	02	0	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелердің тауарларды жұмыстарды,	7900,0

				қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	
2	02	1	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	7900,0
2	04	0	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл атын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын ж ә н е қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1750,0
2	04	1	00	Мұнай секторы ұйымдарынан ж ә н е Жәбірленушілер ге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл атын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (1750,0

				шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
2	06	0	00	Басқа да салықтық емес түсімдер	26203,0
2	06	1	00	Басқа да салықтық емес түсімдер	26203,0
3	00	0	00	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1122518,7
3	01	0	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1064118,7
3	01	1	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1064118,7
3	03	0	00	Жерді және материалдық емес активтерді сату	58400,0
3	03	1	00	Жерді сату	43900,0
3	03	2	00	Материалдық емес активтерді сату	14500,0
4	00	0	00	Трансферттердің түсімдері	6175049,9
4	02	0	00	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6175049,9
				Облыстық бюджеттен	

4	02	2	00	түсетін трансферттер	6175049,9
Функционалдық топ					сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
				Атауы	
				II. Шығындар	10139564,2
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	313849,3
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	239476,5
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	20103,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20103,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	126186,2
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	124477,2
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1709,0

		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	93187,3
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	90792,8
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2394,5
	2			Қаржылық қызмет	3038,4
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3038,4
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3038,4
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	71334,4
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	23772,0
				Жергілікті деңгейде тұрғын үй - коммуналдық	

			001	шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23772,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	47562,4
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43976,0
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	276,3
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3310,1
02				Қорғаныс	10316,0
	1			Әскери мұқтаждар	9907,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала	9907,0

) әкімінің аппараты	
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9907,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	409,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	409,0
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	409,0
04				Білім беру	5395694,3
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	195051,0
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	195051,0
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	195051,0

	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	4745745,1
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	7925,9
			005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	7925,9
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4579868,5
			003	Жалпы білім беру	4388930,5
			006	Балаларға қосымша білім беру	190938,0
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	157950,7
			017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	157950,7
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	454898,2
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	454898,2

			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18355,0
			005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	137365,6
			015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	40178,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	258999,6
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	846004,1
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	401283,7
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік	361610,7

				бағдарламалар бөлімі	
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	361033,0
			057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	577,7
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	39673,0
			030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	39673,0
	2			Әлеуметтік көмек	375687,5
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	375687,5
			002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	228948,5
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1900,0
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына	33780,0

				әлеуметтік көмек	
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	5843,0
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	53087,0
			017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	16896,0
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	35233,0
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	69032,9
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік	69032,9

				бағдарламалар бөлімі	
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33658,9
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	3145,0
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	32229,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1097458,8
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	895458,5
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13850,0
			003	Мемлекеттік тұрғын үй	13850,0

				қорын сақтауды ұйымдастыру	
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	881608,5
			003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	767061,5
			004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	47347,0
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	67200,0
2				Коммуналдық шаруашылық	107161,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	71055,0
			058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	71055,0
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	36106,0

			058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	36106,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	94839,3
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	94839,3
			017	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	1054,0
			018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	93785,3
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	402870,6
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	133704,0
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	133704,0
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	133704,0
	2			Спорт	118040,0
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене	118040,0

				шынықтыру және спорт бөлімі	
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12217,0
			005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	71461,0
			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4540,0
			007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	8206,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	21616,0
	3			Ақпараттық кеңістік	111650,0
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	96650,0

			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	83909,0
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	12741,0
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	15000,0
			002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	15000,0
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	39476,6
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	10930,0
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10930,0
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	28546,6
				Жергілікті деңгейде ақпарат,	

			001	мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12609,0
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	15937,6
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1836,5
	1			Отын және энергетика	1836,5
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1836,5
			019	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	1836,5
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	176850,7
	1			Ауыл шаруашылығы	133352,5
		462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл	24093,5

				шаруашылығы бөлімі	
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24093,5
		473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	109259,0
			001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22783,0
			006	А у р у жануарларды санитарлық с о ю д ы ұйымдастыру	316,0
			009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	7809,0
			010	А у ы л шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	2797,0
			011	Эпизоотияға қ а р с ы іс-шаралар жүргізу	75554,0
	6			Ж е р қ а т ы н а с т а р ы	15934,0
				Ауданның (облыстық	

		463		маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	15934,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14142,0
			006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	1581,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	211,0
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	27564,2
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	27564,2
				Мамандарға әлеуметтік	

			099	қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	27564,2
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	61790,0
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	61790,0
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	43429,0
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43429,0
		468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	18361,0
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12737,0
			003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	5624,0

12				Көлік және коммуникация	1234454,9
	1			Автомобиль көлігі	1234454,9
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1234454,9
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	34000,0
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	680657,7
			051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	519797,2
13				Басқалар	91965,0
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	12989,0
		469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	12989,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік	12989,0

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
	9			Басқалар	78976,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	78976,0
			026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	62776,0
			066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	16200,0
14				Борышқа қызмет көрсету	8433,5

	1			Борышқа қызмет көрсету	8433,5
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8433,5
			021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	8433,5
15				Трансферттер	498040,5
	1			Трансферттер	498040,5
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	498040,5
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	506,8
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	267969,0
			038	Субвенциялар	219784,0
			051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына	9780,7

				берілетін трансферттер	
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	65366,0
				Бюджеттік кредиттер	109176,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	109176,0
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	109176,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	109176,0
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	109176,0
Санаты					сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	43810,0

5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	43810,0
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	43810,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	43810,0
			13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	43810,0
Функционалдық топ					сомасы, мың теңге
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					0,0
IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо					
V. Бюджет тапшылығы (профициті) (372804,4					372804,4
VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) (-372804,4					

Мәслихаттың
2018 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 336 шешіміне 2-қосымша

2020 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 03.12.2019 № 453 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты					сомасы, мың теңге
Сыныбы					
Кіші сыныбы					
Ерекшелігі					
Атауы					8214871,0
I. Кірістер					

1	00	0	00	Салықтық түсімдер	3702156,0
1	01	0	00	Табыс салығы	1471245,0
1	01	2	00	Жеке табыс салығы	1471245,0
1	03	0	00	Әлеуметтік салық	904050,0
1	03	1	00	Әлеуметтік салық	904050,0
1	04	0	00	Меншікке салынатын салықтар	1202500,0
1	04	1	00	Мүлікке салынатын салықтар	989800,0
1	04	3	00	Жер салығы	12000,0
1	04	4	00	Көлік құралдарына салынатын салық	182700,0
1	04	5	00	Бірыңғай жер салығы	18000,0
1	05	0	00	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	103300,0
1	05	2	00	Акциздер	9500,0
1	05	3	00	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	51000,0
1	05	4	00	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	42800,0
1	07	0	00	Басқа да салықтар	61,0
1	07	1	00	Басқа да салықтар	61,0
				Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған	

1	08	0	00	уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	21000,0
1	08	1	00	Мемлекеттік баж	21000,0
2	00	0	00	Салықтық емес түсімдер	29396,0
2	01	0	00	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3675,0
2	01	5	00	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3675,0
2	02	0	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	20271,0
2	02	1	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсеті н түсімдер	20271,0
2	06	0	00	Басқа да салықтық емес түсімдер	5450,0
2	06	1	00	Басқа да салықтық емес түсімдер	5450,0

3	00	0	00	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1541623,0
3	01	0	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1534623,0
3	01	1	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1534623,0
3	03	0	00	Жерді және материалдық емес активтерді сату	7000,0
3	03	1	00	Жерді сату	5000,0
3	03	2	00	Материалдық емес активтерді сату	2000,0
4	00	0	00	Трансферттердің түсімдері	2941696,0
4	02	0	00	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2941696,0
4	02	2	00	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2941696,0
Функционалдық топ					сомасы, мың теңге
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
II. Шығындар					6695248,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	273137,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын	215185,0

				өкілді, атқарушы және басқа органдар	
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19165,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19165,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	106700,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	106700,0
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	89320,0
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	89320,0
	2			Қаржылық қызмет	4419,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)	4419,0

